

Мұхтар ҚОЖА

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДЕН  
ҚАЛҒАН ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЗЕРГІТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Автор говорит о памятниках древних тюрок найденных в результате археологических исследований проведенных в Южно-Казахстанской области. Также автор обращает внимание на то что эти памятники требуют особых исследований.

Yazar Güney Kazakistan bölgesinde yapılan arkeolojik çalışmalar neticesinde bulunan Eski Türklerde has abideleri inceleyerek, onları detaylıca araştırılması gerekiği üzerinde durulmuştur.

552 ж. Түркі қағанатының дүниеге келуі Орталық Азияга үлкен өзгерістер альш келді. 555 ж. түркілер Жетісуды, Орталық Қазақстанды және Хорезмді бағындырыды, 563-567 жж. Орта Азиядағы эфталиттер мемлекетін талқандап, Әмударияға дейін билік жүргізді [1. 122]. Отыrap өңірі Қанғу Тарбан деген атпен түркі жазбаларында аталады [2. 98]. Өзбек зергітеушісі Г.Бабаяровтың шікірінше, Түркі қағанаты кезінде Шаш (Ташкент облысы), Испиджаб, Отыrap, Тараз өлкелері Тарбанд атты бір иелікті құраған. Иеліктің саяси-әскери астанасы Тарбанд-Отыrap қаласы болған [3. 28]. Арабтардың Орта Азияны жаулап алу тарихы жазылған еңбектерде Шаш билеушісінің ордасы Тарбенд деп көрсетіледі. Қытай дерегінде Шаш билеушісі Йопша-Сырдария өзені бойында тұрады дегенде осы Тарбанд-Отыrap көрсетіліш тұр. Тарбандтың Отырапра сай келетінін ат-Табаридің еңбегін алғаш шығарушы М.Я. де Гуйе айтқан екен. Тарбандта жоғары түркі билеушісі – қаған отырған, ал Шашта оның өкілі отырған деп санайды Г. Гоибов [4. 50-51]. Осы жағдайларды ескере отырып, бұл иелікті жай Шаш иелігі демей Шаш-Тарбанд иелігі деп атаған жән деп санаймыз. VI ғ. 60-жылдарынан бастап – VII ғ. дейін түркілерді тәуелді Чжаову әулеті басқарды. 605 ж. Чжаову әулетіне жататын билеуші өлтіріліш, түркі билеушісінің өкілі – Деле Фуджий тікелей баспылық жүргізді.

Жазба деректерде аталатын осы көне түркілерден археологиялық тұрғыдан қараганда қандай іздер қалды деген заңды сұрақ туады. Осы сауалға жауап іздеپ 1994 ж. шыққан «Оңтүстік Қазақстан облысы ескерткіштер жиынтығы» атты кітапты ақтартған оқырман оның беттеріндегі 705 ескерткіш анықтамасынан бірде-бір көне түркілік қорым, не тас мусін сипаттамасын таштайды [5]. Бұл - Оңтүстік Қазақстан облысы аймағындағы VI-VIII ғғ. жататын көне түркілік ескерткіштер іздеусіз қалғанын аңғартса керек. Ал аталған өңірде көне түркілік қорымдар барын Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық музейінде сақтаулы тұрған көне түркілік тас мусіндер айғақташ тұр, олардың бір бөлігі Я.А. Шердің кітабында сипатталған [6]. Тас мұсіндердің аса құнды археологиялық дерек екеніне Ә.Х. Марғұлан назар аударып, ана тілімізде тұңғыш мақала жазған

болатын [7].

Археологиялық зерттеулер көне түркілерге ғана тән ескерткіштер барын анықтады. Бұлар ең алдымен жерлеу дәстүріне байланысты. Әдетте, түркілік оба, бейіт тастан не топырақтан үйілген, оның диаметрі 5-10 м, биіктігі 30 см-ден 1 м дейін барады. Жоспарда төртбұрышты, не шаршы етіп тастан қаланған қоршаулар кездеседі. Кейде өлтөн адамды басқа бір жерде өртеп, оның кулін қою дәстүрі де болған. Соңғы дәстүр бастапқы түркілік деп саналады. Түркілерге дейін жерленген кезенде, әдетте, өлтөн адамның басы батысқа бағытталған болса, көне түркілерде солтүстікке бағыттау тән болған. Түркілерге дейін қару – семсер болса, көне түркілерге қылыщ, үзенгі, металлы қапсырмалармен қапталған белдіктер тән болған [8].

Қайтыс болған жоғары билік иелеріне арнағы кесене тұрғызып, оның ішіне өлтөн адамның мүсінін қойған. Осындағы құрылымдардың ең әйгілісі - Күлтегінге тұрғызылған ғибадатхана. Оның құрылымы құрделі. Кесене тұрган аула қоршалған. Оның шығыс болғандыңде қақпа бар. Қақпаны бір-біріне қарама-қарсы тұрган қошқарлардың қос тас мүсіндері қорғап тұр. Қақпа алдында жазуы бар тұғыр бекітілген тасбақа мүсіні тұр [9. 5-7].

Оңтүстік Қазақстан қалашықтарындағы көне түркілерге байланысты ескерткіштерге назар салайық. Е.А.Смағұлов Түркістан қаласы аймағында орналасқан Күлтөбе қалашығының стратиграфиялық қазба барысында үшінші құрылым деңгейінен (IV қабат) басы жоқ аттың жерленген қаңқасын тапты. Атпен бірге попшымы дөңгелекше келген, табаны кең етіп жасалған үзенгі, белдіктің күмістелген әшекей табылды. Бұлар VI ғ. аяғы мен VII ғ. жатқызылды [10, 23]. Кейін М.Елеуовтің басшылығымен ХҚТУ-нің археологтары Күлтөбедегі стратиграфиялық қазбаны кеңейткен кезде жоғарыдағы аттың басын тапты. М.Елеуов басқарған ХҚТУ-нің экспедициясы байырғы тарихи деректердегі Қарапық деп саналатын Төрткүл қалашығын қазған кезде оның рабадының қамал құландысы астынан жерленген жылқы сүйегін тапты. Аяқтары астына бүгіліп жатқызылған жылқының аузында ауыздық, мойныңда темір қоңырау, маңайында әртүрлі жасырмалары бар жүрек төрізді әшекей бар. Жылқының жанынан екі үзенгі, тартшаның тоғасы, қола сылдырмақтар, темір заттар табылды [11. 5].

Отырада көне түркі дәүіріне жататын кезенде тенгелер шығарылған. Олардың бір бетінде арыстан бейнесі бар, екінші бетінде 0) үлгідегі таңба бар, оны кейбір ғалымдар «ат» жазу дейді [12]. Құйрықтөбе қалашығының цитаделінен отқа күйіп шрімей қалған ағаш тақталарда бет-шіліні, киімі көне түркі тас мүсіндерге үқсас тұлғалар бейнеленген. Бұлар – Отырадар өнірінің VIII ғ. басында билік құрған түркі билеушілері.

Отырада жүргізілген қазбалар барысында ромб төрізді серпентиниттен жасалғаң, бір үшінші тесікі бар әшекейлер кездеседі [13. 172]. Біз осы әшекейлерді көшшелі тайпалардің деп санаймыз. Отырада табылыш жүрген салшыншактар попшымы Т.И.Макарова сипаттаған лазуритті салшыншактарға жақын. Зергітеші салшыншактардың табылу орындарын талдай отырыш,

## Кожа М. Оңтүстік Қазақстан облысы аймағындағы...

олардың Шығыс Европада пайда болуын қышшактар ішіндегі берендей тайпасымен байланыстырады [14. 127].

Отырартебе мен оның айналасындағы ескерткіштердегі VII-IX ғғ. қабатарынан дәстүрлі керамика ұлғайлармен қатар жаңа керамика ұлғайлар кездеседі. Олар металл ыдыстарға ұқсас етіп жасалған, тұтқаларының пошымы жүлдyzша сияқты қырлы. Үйдистардың сырты қою-қызыл, шие түстес және қара түсті ангобен көмкерілген. Олар тор, бір-бірімен ұласқан үшбұрыштар, жартылай дөңгелекше, шынжыр тәрізді геометриялық ерекшеліктермен нақышталған. Аталған керамика «қанғарлық» деген атқа ие болды [15. 189-190]. Бұл керамика көне түркілердің ыдыстарына еліктеуден тұған, бұларды белгілі бір ру-тайпамен байланыстырудың қажеті жоқ деген шікірдеміз. Билеміш, үстем топ көне түркілер болғандықтан олардың ыдыстарына, киімдеріне еліктеу, ұқсас етіп жасау заңдылық. Мұндай ыдыстар VII-VIII ғғ. Соғыда, VI-VIII ғғ. Шашта пайда болады [16. 58].

Көне түркілердің Оңтүстік Қазақстан облысы аймағында қалдырған іздері жогарыда тізілген ескерткіштермен шектелмейді. Көне түркілердің қорымдарын, тас мұсіндерін іздең есепке алу, карталарға белгілеу, қазба жүргізіп зерттеу сияқты жұмыстарды тез арада қолға алу қажет.

Көне түркілердің бізге белгілі бір қорымы Оңтүстік Қазақстан облысы Бейдібек ауданы (бұрынғы Алғабас ауданы) Майдылақ ауылында орналасқан. Майдылақ атауының өзі көне түркілік Ұмай құдайы есімімен байланысты екенін аңғару қын емес. Ауыл шетінде әлі де диаметрі 4-5 м, биіктігі 40-60 см обалар сақталған. Осы елді мекен ішіндегі обаны тегістегендеге табылған тас мұсінді жергілікті мектептің мұғалімі Ақбаев Айдардың айтуымен көріш, оны алдымен Сайрам ауданының орталығы Ақсукентке әкеліп, кейін Алматыдағы Орталық музейге хабар беріш темір жол арқылы жібергенбіз. Кейін Алматыдағы музейден сырт сұлбасын салып алған А.А. Чариков оны мақалада Тұлкібас ауданынан деп оның табылған орнын дұрыс көрсетпеген және жариялаған сыйбасында тас мұсіннің бір топ элементтері түспей қалған [17. 185-187].

Ер кісі тұлғасы тақта тас бетіне қашалған. Тас биіктігі 125 см, қалындығы 15 см, ені 42-45 см, иығына қарай шамалы кеңейеді. Тас мұсіннің басы жоқ (1-сурет). Тастьың алдыңғы жағында малдас құрыш отырған ер кісі бейнесі оймышталыш бедерленген. Мойнында бедерлі әшекей байқалады. Төс тұсына кетерілген оң қолының бас бармағы мен сұқ саусағы жарты шар іспетті құтының тұғырының табанынан қысыш ұстап тұр. Үйдистың жиегі кисығынан тұскен сзықшалармен өрнектелген. Шыншакта жүзік байқалады, ортаңғы саусақтары бұғылған қалышта салынған. Киімнің жең ұшы сзықшалармен әшекейленген. Сол қолының саусақтары екі жерден ілінген семсер қынабында жатыр. Ромб шіліндес қапсырмалары бар тоғалы белдікке қынаңқа салынған шышақ ілінген. Көне түркілердің осындағы қанжар-пыштақ пайдаланғаны жөнінде Ю.А.Мотов зерттеуінде әңгіме етіледі [18. 116-126]. Семсердің сабының басы дөңгелекше келген, қарудың балдағы,

семсер қынабының құрсаулары, жүрек тәрізді етіп жасалған қынап түбі бейнеленген.

Мұсіндегі кісінің аяғы айқасқан, оң аяғы сол аяғының үстінде жатыр. Аяқтарына салтама етік, не болмаса мәсі кигізілген. Тізе тұсында аяқ киімнің өрнекті қоныштары бейнеленіпті. Аяқ астында өрнекті кілем, не орындық белгілері бар.

Ең қызығы, бейненің оң жақ қеудесінде кілкене адам сұлбасы - басы мен қолы салынған. Шағын адам алға қарай иліш түрган кейшінде және бір қолында шамалы еңкейтілген күмыра бар. Мұсінді жасаган шебер шагын адамды көзі ұлken, қыр мұрынды етіп бейнелепті. Сызықшалармен оның шашы көрсетіліпті. Басқа дene мұшесі, киімі көрсетілмеген. Тастьң аргы бетінде сызықшалармен 6-8 бұрым шашы көрсетілген. Тас мұсінді қашаған ұста оның саусақтарын бейнелеуде ұлken шеберлік танытқан. Майдулақтан табылған мұсінді ондағы қару-жарақ ұлгілеріне, мұсіннің бейнелеу тәсіліне қарап VI-VIII ғғ. жатқызамыз. Таста қашалған екінші адам сұлбасы қызметшіні бейнелеп түр.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінде Бәйдібек ауданынан табылған ғылыми әдебиетте бұрын беймәлім болып келген мұсін жеткізгенбіз. Оның дәл табылған орны белгісіз. Таста тік түрган кісі бейнеленген (2-сурет). Тастьң биіктігі 146 см, ені 32 см, қалыңдығы 27 см. Ондағы бейнене бадырақ көзді, мұртты, сол қолында құтысы бар, оң қолы бос, саусақтары белдіктен жоғары етіп қашалған. Тогалы белдікке қынабымен қылыш, пышақ, «қаштарғақ» ілінген. Мұсіннің оң құлағында сырға бар. Сырғаның попшымы VI ғ. екінші жартысы – VIII ғ. екінші жартысы арасында тараған көне түркі сырға ұлгілеріне жақын [19. 49]. IX ғ. бірінші жартысынан кейін көне түркі сырға попшымдары басқа ұлғіде болғанын ескерсек, бұл мұсінді VIII ғ. ескерткіші деуге негіз бар.

Тас ескерткіштің оң қырында белдікке ілінген дөңгелек попшымды қалта бар. Мұндағы қалталар оттық, түрлі ұсақ заттар сақтау үшін арналған. Бұлар әдетте теріден тігілген екен. Тері қалталар Алтайдағы көне түркі қабірлерінде кездеседі [20. 43-44]. Осыған ұқсас екінші қалта мұсіннің сол қырында салынған. Мұсіннің оң жактағы қырында жебе салатын қабы – «қылшан» бейнеленген. Бұрын-соңды бізге тас мұсіндер ішінде қылшан немесе қорамсақ бейнеленген ұлғі кездескен емес. Осыған ұқсас қылшандар суретін Қ.Ахметжановтың байырғы қару-жарақ, әскери өнерге арналған ана тілімізде шықкан құнды зергитеүнде кездестірдік [21. 3]. Бұл тас мұсіндердің көне түркілік екендігіне күмән жок.

Қорыта айтқанда, Оңтүстік Қазақстан аумағындағы көне түркілердің ескерткіштері арнайы зерттеуді қажет етеді демекпіз.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Буряков Ю.Ф. Генезис и этапы развития городской культуры Ташкентского оазиса. – Ташкент: Фан, 1982. – 212 с.

## **Кожа М. Оңтүстік Қазақстан облысы аймағындағы...**


2. Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия археология. 1950. Вып. 2. – С. 59-99.
3. Бабаяров Г. Чач в период тюркского каганата // Археология и история Центральной Азии. Самарканд, 2004.
4. Гойбов Г. Ранние походы арабов в Среднюю Азию. – Душанбе: Дониш. 1989.
5. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 1994.
6. Шер Я.А. Каменные изваяния Семиречья. Москва-Ленинград, 1964.
7. Марғұлан Ә. Ұлытау төңірегіндегі тас мұсіндер // Ежелгі мәдениет күәлары. Алматы, 1960.
8. Ақынжанов Сержан Мұсатайұлының С.М.Киров атындағы ҚМУ-дың тарих факультетінде 1980-1981 оқу жылы оқыған «Қазақстанның VI-X ғғ. көшпенділердің ескерткіштері» атты арнайы курсы.
9. Мокрынин В.П. Каменные изваяния – памятники древних тюрков. Фрунзе, 1979.
10. Смағұлов Е.А. Он бес ғасырға күә // Білім және еңбек, 1987. № 2
11. Ювалы А., Елеуов М.Е. Қарашық. Түркістан, 2002. 5- б.
12. Бурнашева Р.З. Оттар, Оттарский оазис и Южный Казахстан. Нумизматические исследования по денежному делу южноказахстанских городов VII – XVII вв. – Алма-Ата: Наука, 1989.
13. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Оттар. – Алма-Ата: Наука, 1981.
14. Макарова Т.И. Украшения и амулеты из лазурита у кочевников X-XI вв. // Археологический сборник Государственного Эрмитажа. Вып 4. Ленинград, 1962.
15. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Оттар. – Алма-Ата: Наука, 1972.
16. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма-Ата, 1986. С.58
17. Чариков А.А. Новые находки средневековых изваяний в Казахстане // Советская археология, 1989, №3 С.185-187.
18. Мотов Ю.А. Кинжал в боевом снаряжении кочевников раннего средневековья // Восточное искусство кочевников Центральной Азии и Казахстана. Алматы, 1998. С.116-126.
19. Овчинникова Б.Б.Тюркские древности Саяно-Алтая. Свердловск, 1990.С.49.
20. Кубарев В.Д. Древнетюркские изваяния Алтая. Новосибирск.1984. С.43-44, рис 9.
21. Ахметжанов Қ.С. Жараган темір кигендер. Алматы, 1996. 17-сурет, 3.

### **REZUME**


**M. Kozha (Turkistan)**

### **RESEARCH PROBLEMS OF ANCIENT TURKIC MONUMENTS IN THE SOUTH KAZAKHSTAN REGION**

**The article deals with the research problems of ancient Turkic monuments found during the archaeological excavations in the South Kazakhstan Region.**



1-сурет.



2-сурет.